

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 1237 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 9 шілдедегі N 1087

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Займ туралы келісімнің күшіне енуіне арналған шарттарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 1237 P961237_ қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

5-тармақтағы "төлеуші шаруашылықтардың" деген сөз "түпкі зайымшы шаруашылықтардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай мазмұнмен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ХҚҚДБ займ қаражаттарын жүзеге асыру мен қызмет ету және республикалық бюджетпен қатар қаржыландыру жөніндегі қаржы агенті болып белгіленсін;"

осы қаулының 2-қосымшасына:

7, 8, 9, 10-тармақтарындағы "алушы шаруашылық"; "алушы шаруашылық", "төлеуші шаруашылық", "алушы шаруашылықтың", деген сөздер "түпкі зайымшы шаруашылық", "түпкі зайымшы шаруашылықтар", "түпкі зайымшы шаруашылықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай мазмұнмен берілсін:

"9. "Мемлекеттік экспорт-импорт банк пен түпкі зайымшы шаруашылықтар арасындағы проценттік ставка екіжақты келісімде айқындалуға тиіс, сондай-ақ қайтарым кепілдігі, міндетті кепілдік және өтем кестесі белгіленеді";

осы қаулының 3-қосымшасына:

атауы мен 1, 2, 3, 5, 6-тармақтарындағы "төлеуші шаруашылықтардың", "төлеуші шаруашылықтар", "төлем жасаушы шаруашылықтар", деген сөздер тиісінше "түпкі зайымшы шаруашылықтардың", "түпкі зайымшы шаруашылықтар", "түпкі зайымшы шаруашылықтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "уәкілетті органдар" деген сөз "қаржы агенті" деген сөзбен ауыстырылсын.

Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ